

**Павлодар облыстық ұйымының қызметкерлерді құқықтық қорғау
және қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыру жөніндегі
жұмысы туралы
АҚПАРАТ**

Білім басқармасы мен «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Павлодар облыстық ұйымы» ҚБ арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы Өңірлік Келісімнің ережелеріне сәйкес қоғамдық бірлестіктің ішкі құрылымына кіретін 10 аудандық, 3 қалалық филиалдарында, 44 бастауыш кәсіподақ ұйымдарында еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылау жүргізіледі.

Уақытылы еңбекақы төлеу, іссапарға жіберілетін қызметкерлер үшін кепілдіктер мен өтемақы төлемдерінің төленуінің сақталуына мониторинг жүргізу; жыл сайынғы ақылы еңбек демалыстарын беру тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлердің құқықтарын қорғау мәселелері, сондай-ақ, басқа да маңызды мәселелерді шешу алдымен бастауыш кәсіподақ ұйымдары деңгейінде, содан кейін филиалдар мен қоғамдық бірлестік деңгейінде жүзеге асырылуда.

2022 жылы облыс бойынша қоғамдық бақылау шеңберінде еңбек заңнамасының орындалуына **206 тексеру** жүргізілді, оның барысында **еңбек заңнамасының 213 заң бұзушылығы** анықталды. Оның ішінде:

еңбекақы төлеу бөлігінде -93;

еңбек қатынастарын рәсімдеу бойынша -51;

жұмыс уақыты мен тынығу уақыты бойынша - 27;

өзге де бұзушылықтар -42.

Мысалы, Екібастұз қаласының ауылдық аймақтарындағы «Майқайың ОМ»ММ мен «Шідерті ОМ» ММ-ндегі педагогтарға жиырма екі миллион теңге сомасында еңбекақы төлемінің төленбеуі бойынша сұрақ оң шешілді.

Павлодар қаласының мектепке дейінгі ұйымының кәсіподақ мүшелерінің қоса жұмыс атқаратын педагогтердің сауықтыру бойынша жәрдемақының төленбеуі бойынша сұрақ орын алды. Жалпы төленбеген сома бір миллион екі жүз он бес мыңды құрады.

Павлодар қаласының қызмет көрсету саласының колледжінің өндірістік оқыту шебері Е.Н.Кончикованың шағымы қанағаттандырылды. Мекеме басшысымен жұмыс уақыты мен тынығу уақытын шектеу, оқу жүктемесін (1,5 ставкадан 1 ставкаға дейін) қысқарту сынды бұзушылықтар жіберілді.

Қоғамдық бірлестіктің қалалық және аудандық филиалдары төрағаларының шағымдары бойынша басты әлеуметтік серіктеспен екі жүз миллион теңге көлемінде педагогтардың іс-сапар шығындарын төлеу мәселесі шешілді.

Облыста бүгінгі күні тең құқылы және сындарлы бастамаға негізделген күшті механизм қалыптасты.

Басты серіктеспен жасалған салалық келісім, формальді емес, нағыз нақты құжат. Осы келісімнің қолданылу аясында 2021 жылдан бастап, 4 толықтырулар мен өзгертулер енгізіліп, бұл техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының ұйымдастыру-құқықтық формасы өзгертілгеннен соң, пандемия кезеңіндегі мәжбүрлі тоқтап қалу, төтенше жағдай және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезеңдерінде қызметкерлердің материалдық жағдайының төмендемеуіне қол жеткізді.

Облыстық білім басқармасымен тұрақты түрде келісім шарттарының орындалуына мониторинг жүргізіліп, қорытындысы Атқару комитеті, Кеңес отырыстарында қаралуда.

2023 жылдың басында әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу және әлеуметтік әріптестік жөніндегі үш жақты облыстық комиссияның отырысында «Білім және ғылым қызметкерлерінің Павлодар облыстық ұйымы мен білім басқармасының арасындағы өңірлік келісімнің орындалу барысы туралы» сұрағы қаралды.

Облыстың барлық білім беру мекемелерінде ұжымдық шарттар жасақталды. Офсеттік келісім-шарттар (үш, төрт, алты жақты) жасақтау тәжірибесі де жолға қойылды.

Ұжымдық шарттың ең жоғарғы көрсеткіші, осы шартпен айқындалатын қызметкердің әлеуметтік пакетінің көлемі болып табылады.

Облыстың білім беру мекемелерінің ұжымдық шарттарында қарастырылған кепілдіктер әлеуметтік серіктестермен жүзеге асырылуда:

- 2018 жылдан мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын ретінде қайта құрылған кезде азаматтық қызметшілер үшін белгіленген кепілдіктер сақталуда;

- экологиялық аймақта тұратын қызметкерлер үшін экологиялық демалыс пен экологиялық жәрдемақының төленуі;

- білім беру ұйымдарының штаттық кестесіне кірмеген біліктілігі жоқ еңбек қызметкерлеріне (жүргізушілер, аспаздар, электриктер, т.б.) сауықтыру жәрдемақысын төлеу сұрағы шешілді;

- ақылы еңбек демалыстарына қосымша **6 күнге дейін** берілді;

-біліктілігі жоқ еңбек қызметкерлеріне (қызмет ғимараттарын тазалаушылар);

- қызметтік лауазымынан босатылмаған кәсіподақ ұйымдарының төрағалары;

- өндірістік кеңес мүшелеріне және т.б.

Үш күнге дейін:

- медициналық қызметкерлерге;

- кітапханашыларға;

-аудандық, қалалық (мектеп) әдістемелік бірлестіктерінің, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің басшыларына;

- бас бухгалтер, бухгалтерлерге;

- білім беру ұйымдарының барлық қызметкерлеріне медициналық тексеруден өту үшін қаражат бөлінуде.

2022 жылы білім және ғылым қызметкерлерінің облыстық кәсіподақ ұйымының қолдауы негізінде облыстық мәслихаттың шешімімен білім беру ұйымдарының әлеуметтік көмек алатын қызметкерлер тізіміне білім беру ұйымдарының кітапханашылары енгізілді.

Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңына сәйкес жергілікті өкілді органдардың (мәслихаттардың) шешімі бойынша жергілікті бюджет есебінен отын алу үшін әлеуметтік көмек шаралары қарастырылған. Әлеуметтік көмек сомасы **2 мен 10 айлық есептік көрсеткіш** аралығын құрайды.

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Павлодар облыстық ұйымы Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамаларының, салалық келісімнің, ұжымдық шарттардың әлеуметтік серіктестік тарапынан орындалуына қоғамдық бақылаудың сақталуының жаңа формаларын дамыту үшін, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жағдайларының жасалуына бақылауды күшейту үшін жағдайлар жасауда.

Облыстық ұйымның төрағасы

Г. Науразбаева